

**Қазақстан Республикасы ІІМ
Бәрімбек Бейсенов атындағы
Қарағанды академиясы**

**Заң институты
Мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасы**

**Бекітемін
Академия бастығының
ғылыми жұмыс жөніндегі
орынбасары з.ғ.к., доцент
полиция полковнигі**
_____ О.Т. Сейтжанов
2019ж. «__» _____

6В12301 «Құқық қорғау қызметі» мамандығына арналған

МКТ 1201 Мемлекет және құқық теориясы

**пәні бойынша жұмыс оқу бағдарламасы
(SYLLABUS)**

Оқыту нысаны: күндізгі
Курс: 1
Семестр: 1
Кредит саны: 3
Дәріс: 15
Семинар: 15
КООЖ: 15
КӨЖ: 45
Емтихан: 1 семестр

Қарағанды 2019

**6В12301 «Құқық қорғау қызметі» мамандығына арналған
«Мемлекет және құқық теориясы» пәні бойынша жұмыс оқу
бағдарламасы (SYLLABUS), 102 бет.**

Құрастырған: мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының доценті,
полиция подполковнигі Салкебаев Талғат Смағұлұлы

Мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының отырысында
қарастырылды.

2019ж. «11 » маусымдағы № 20 хаттама

Мемлекеттік-құқықтық пәндер
кафедрасының бастығы, з.ғ.к.,
полиция подполковнигі

Р.Қ. Джиембаев

Қазақстан Республикасы ІІМ Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды
академиясының ОӘК отырысында бекітілді.

2019ж. «__» маусымдағы № __ хаттама

© Қазақстан Республикасы ІІМ Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды
академиясы, 2019ж.

2.1. Негізгі ақпарат

1. Шифр және мамандық атауы	6B12301 «Құқық қорғау қызметі» мамандығы
2. Курс, семестр	1-курс 1-семестр
3. Пән циклі	міндетті
4. Кредиттер саны	3
5. Сабақ өткізу орны	Оқу аудиториясы және дәріс залы
6. Лектор	Салкебаев Талғат Смағұлұлы мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының доценті, полиция подполковнигі Тел. 2-11, 3-12
7. Сабақ беруші оқытушы	Салкебаев Талғат Смағұлұлы мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының доценті, полиция подполковнигі Тел. 2-11, 3-12

2.2. Пререквизит: Аталмыш курстың материалын игеруден бұрын курсантка белгіленген жұмыс оқу жоспары көлемінде алатын тиісті құқықтық теориялық білім қажет. Ол білімді келесі пәндер барысында игеруге міндетті:

- Қазақстан тарихы;
- Құқық негіздері;
- Қоғамтану.

2.3. Постреквизит: Белгіленген курс бойынша оқыту көлемі курсанттардың білім, іскерлік, ғылыми зерттеулер барысында арнайы ғылыми ілімдерді пайдалануда ұсынымдар мен дағдыларды пайдалану мақсатында келесідей пәндерді: Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы, Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы, Қазақстан Республикасының халықаралық және азаматтық құқықтары, Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары.

2.4. Пәннің қысқаша сипаты. Пәннің мақсаттары мен міндеттері:

«Мемлекет және құқық теориясы» пәні курсанттарға жалпы мемлекеттік және құқықтық құбылыстарды, қазіргі қоғамның және саяси жүйенің мемлекет пен құқықтың орны мен рөлі туралы, заңдылық пен конституциялылық, құқық шығару және құқық қорғау, құқық бұзушылық және заңды мінез-құлқы, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтары, жеке тұлға мен мемлекет арасындағы қарым-қатынас туралы қазіргі заманғы білімдерін беруге арналған.

Заңгерлік факультеттері мен жоғары оқу орындарының бірінші курсына мемлекет пен құқық теориясын оқытудың мақсаты мемлекеттің және заңның мәнін, қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу тетігін, сонымен қатар ең маңызды, негізгі мәселелерді, тұтастай мемлекеттік және құқықтық шындық туралы іргелі тұжырымдарды және Қазақстан Республикасының ерекшелігін зерттеудің негізгі ережелерін зерттеу болып табылады.

Мемлекет пен құқық теориясын зерделеу барысында курсанттар құқықтың барлық салаларының негіздері бойынша білім алады, заң шығару принциптерін меңгереді, заңнаманы дамыту үрдістерін талдайды және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының тиімділігіне талдау жасайды.

Осыған байланысты мемлекет пен құқық теориясы құқық саласында мамандыққа кіріспе болып табылады. Сондықтан нақты заң ғылымдары өздерінің ғылыми-зерттеу жұмыстарында мемлекет пен құқық теориясының категориялық және тұжырымдамалық аппаратын кеңінен қолданып, мемлекет және құқық теориясы заңның барлық квинтэссенциясын шоғырландыратын интегративтік байланыстың рөлін атқарады. Мемлекет және құқық теориясының объектісі - мемлекеттік және құқықтық құбылыстар болып табылады.

Пәнді зерделеу міндеттері:

Бұл пәнде мемлекет пен құқық теориясының мейлінше маңызды мәселелерін және мәселелі жақтары қарастырылған. Әсіресе, мемлекеттің пайда болу туралы мәселеге көзқарастардың әр қилылығы, қоғамның саяси жүйесінің даму генезисі, мемлекет нысанын зерделеудің әдістемелік проблемалары, құқықты түсіну проблемалары, құқық теориясының жалпы сипаттамасы, құқық нормасы мен нормативтік актілер мәтінінің өзара байланысуының теориялық проблемаларына көп көңіл бөлінген.

«Мемлекет және құқық теориясы» курсының негізгі міндеттері: курсанттардың салыстырмалы құқықтану санаттары мен түсінігін меңгеру; елдердің түрлі құқықтық жүйесіндегі қолданыстағы мемлекеттік-құқықтық заңнамаларына дұрыс бағдарлауға, елдердің қазіргі құқықтық жүйесіндегі нормативтік-құқықтық актілерді түсіну және талқылау дағдылары мен іскерленуге оқыту.

Пәнді зерделеу нәтижесінде курсант білуі керек:

- қазіргі құқық жүйесі және ілім;
- құқықтағы (құқық әдістерінің теориясы) әдістемелік мәселелері.

Үйренуі керек:

- Қазақстан Республикасының заңнамаларында құқыққолданудың қазіргі құқық жүйесіндегі нормативтік-құқықтық актілер мазмұнын тәжірибеде пайдалану;

- «құқықтану» әдісін құқықтық құбылыстарды зерделеудің бірден-бір маңызды құралы ретінде тәжірибеде пайдалану;

- қазіргі құқық жүйесінің жалпы, ерекше және жалғыздылығын айқындау үшін салыстырмалы әдісті қолдану.

2.5. Пән бойынша тапсырмаларды орындау және тапсыру кестесі

№	Жұмыс түрлері	Мазмұны және мақсаты	Ұсынылған әдебиеттерге сілтеме	Бақылау нысаны (рейтинг шкалаға сәйкес)	Балл (рейтинг шкалаға сәйкес)	Есеп беру нысаны	Тапсыру мерзімі
1	Семинар сабағында ауызша жауап беру және баяндама жасау	Семинар сабақтарының жоспарына сәйкес	Семинар сабақтарына дайындалу үшін ұсынылған әдебиеттерді қолдану	Курсты оқу барысындағы сабақ кестесі мен және оқу жоспарымен сәйкесі	Күнділікті тексеру, семинар сабақтарындағы жұмыстар мен ауызша жауаптары 100 % дейін бағаланады	Ағымдық бақылау (семинар сабақтарындағы жұмыстар мен ауызша жауаптары бағаланады)	Семинар сабақтары мен КОӨЖ сабақтарының сабақ кестесі және оқу жоспарына сәйкес
2	КОӨЖ сабағында ауызша жауап беру және баяндама жасау	КОӨЖ сабақтарының жоспарына сәйкес	КОӨЖ сабақтарына дайындалу үшін ұсынылған әдебиеттерді қолдану	Курсты оқу барысындағы сабақ кестесі мен және оқу жоспарымен сәйкесі	Күнділікті тексеру, семинар ж/е КОӨЖ сабақтарындағы жұмыстар мен ауызша жауаптары 100 % дейін бағаланады	Ағымдық бақылау (семинар және КОӨЖ сабақтарындағы жұмыстар мен ауызша жауаптары бағаланады)	Семинар сабақтары мен КОӨЖ сабақтарының сабақ кестесі және оқу жоспарына сәйкес
3	Межелік бақылауға дайындық	сабақтарының жоспарына сәйкес	сабақтарға дайындалу үшін ұсынылған әдебиеттерді қолдану	Курсты оқу барысындағы сабақ кестесі мен және оқу жоспарымен сәйкесі	Тестілеу немесе Коллоквиум (100% дейін)	Межелік бақылау	семестрдің 7 және 14 аптасы
4	Реферат, эссе жазу, слайд-проект дайындау	КӨЖ сабақтарының жоспарына сәйкес	КӨЖ сабақтарына дайындалу үшін ұсынылған әдебиеттерді қолдану	Курсты оқу барысындағы сабақ кестесі мен және оқу жоспарымен сәйкесі	Тестілеу немесе Реферат қорғау (100% дейін)	Үй жұмысы/ КӨЖ тексеру	Семинар сабақтары мен КӨЖ сабақтарының сабақ кестесі және оқу жоспарына сәйкес
5	Емтиханға дайындық	Білім алушылардың пән бойынша қортынды білімдерін тексеру	Негізгі және қосымша әдебиеттердің тізімімен сәйкестігі	Барлық оқу процесі аралығындағы дайындық	Қорытынды бақылау	Қорытынды	Курс аяқталғаннан кейін емтихан кестесімен сәйкестігі

2.6. Курс саясаты:

Курсанттарға қойылатын талаптар:

- сабаққа қатысу;
- КОӨЖ және КӨЖ, рейтингтер бойынша тапсырмаларды орындау, семинар сабақтарына жүйелі түрдеу дайындалу;
- сабақтарда белсенділік таныту;
- тапсырмаларды уақытында орындау;

- пәнді, курстың жекелеген тақырыптарын зерделеуде бастамашылық таныту.

Жол берілмейді:

- сабақтан кешігу және кетіп қалу;
- сабақ барысында ұялы телефонды қолдану;
- сабақ барысында оқытушыға және жолдастарына бөтен сұрақтар қойып, әңгімелесіп, алаңдату;
- оқытушыға және жолдастарына дөрекілік, тұрпайылық көрсету;
- тапсырмаларды уақытында тапсырмау.

2.7. Әдебиеттер тізімінің мазмұны

№№	Автор, атауы	Жылы, басылым орны
1. Құқықтық актілер		
1.	Қазақстан Республикасы Конституциясы (2019ж. өзгертулер мен толықтырулар).	// www.zakon.kz
2.	Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі (2017ж. өзгертулер мен толықтырулар).	// www.zakon.kz
3.	Қазақстан Республикасы Еңбек кодексі (2015ж. 23.11).	// www.zakon.kz
4.	Қазақстан Республикасы Қылмыстық процесілік кодексі (2017ж. өзгертулер мен толықтырулар).	// www.zakon.kz
5.	Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексі (2017ж. өзгертулер мен толықтырулар).	// www.zakon.kz
6.	Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі 2014 ж. 05 шілде № 235-V (өзгертулер мен толықтырулармен 10.02 2017 ж.).	// www.zakon.kz
7.	Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 26 желтоқсандағы №2733 «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» Конституциялық Заңы (2017ж. 22.12 өзг. мен толықт.)	// www.zakon.kz
8.	«Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 16 қазандағы № 2529 Конституциялық заңы (2017ж. 15.06 өзгерістер мен толықтыруларымен қоса)	// www.zakon.kz
9.	Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 20 шілдедегі N 83-II «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасы туралы» Конституциялық заңы	// www.zakon.kz
10.	Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 25 желтоқсандағы «Сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық Заңы (2017ж. 22.12 өзгерістер мен толықтыруларымен)	// www.zakon.kz
11.	«Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 18 желтоқсандағы №2688 Конституциялық заңы (өзгерістер мен толықтыруларымен қоса)	// www.zakon.kz
12.	«Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 29 желтоқсандағы №2737 конституциялық заңы	// www.zakon.kz

13.	Қазақстан Республикасының 1995ж. 29.12 «Прокуратура туралы» заңы (2016ж. 28.12 өзгерту мен толықтырулар).	// www.zakon.kz
14.	Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңы (өзгер толықтырумен 18.04 2017 ж.).	// www.zakon.kz
15.	Қазақстан Республикасының 2016ж. 06 сәуірдегі «Құқықтық актілер туралы» заңы	// www.zakon.kz
16.	Қазақстан Республикасының «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңы № 380-IV 06.01 2011 ж. (өзгертулер мен толықтырулармен 20.12 2016 ж.).	// www.zakon.kz
17.	Қазақстан Республикасының «Саяси партиялар туралы» Заңы № 344-II 15 шілде 2002 ж. (2016 ж. 16.11 өзгертулер мен толықтырулармен).	// www.akorda.kz
18.	Қазақстан Республикасының Заңы «Әділет органдары туралы» № 304-II 18 наурыз 2002 (өзгертулер мен толықтырулармен 27.02 2016 ж.).	// www.akorda.kz
19.	Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы «Мемлекеттік қызмет туралы» заңы	// www.zakon.kz
20.	Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығы.	// www.akorda.kz
21.	Қазақстан Республикасының Заңы «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» 23.04 2014ж. (2017ж.18.04 өзгертулер мен толықтырулармен)	// www.akorda.kz
22.	Қазақстан Республикасының 1996 ж. 31 мамыр «Қоғамдық бірлестіктер туралы» Заңы № 3-I (2017ж. 27.02 өзгертулер мен толықтырулармен)	// www.akorda.kz
23.	Қазақстан Республикасының Заңы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» № 410-V 18.11 2015ж. (өзгертулер мен толықтырулармен 30.11.2016ж.).	// www.akorda.kz
24.	Қазақстан Республикасы Президентінің 2009ж. 24.08 «2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы» жарлығы.	// www.akorda.kz
25.	Қазақстан Республикасының 2007ж. 27 шілдедегі «Білім туралы» заңы (2016ж.22.12 өзгерту мен толықтырулар).	// www.akorda.kz
26.	Қазақстан Республикасының Президенті - елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2012ж. 14 желтоқсандағы Қазақстан халқына Жолдауы: "Қазақстан-2050" стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты	// www.akorda.kz
27.	Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың 2018ж.10.01 «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Қазақстан халқына Жолдауы.	// www.akorda.kz
28.	Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазандағы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңы.	// www.zakon.kz
29.	Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі N 451 «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заңы	// www.zakon.kz

2. Негізгі әдебиеттер

30.	Ағдарбеков Т. Мемлекет және құқық теориясы: оқулық.	Алматы, 2008.
31.	Ағдарбеков Т. Мемлекет және құқық теориясының негізгі мәселелері: оқу құралы	Алматы: Заң әдебиеті, 2009.
32.	Байжанова Г.Т., Әділбекова Қ.Қ. Мемлекет және құқық теориясы пәні бойынша мемлекет бөліміне арналған дәрістер жинағы	Қарағанды, 2003.
33.	Байжанова Г.Т. Құқық теориясы	Қарағанды, 2004.
34.	Байжанова Г.Т. Мемлекет және құқық теориясы	Қарағанды: 2006.
35.	Бейсенова А.У. Мемлекет және құқық теориясы: оқулық.	Алматы: 2007.
36.	Биекенов Н.А. Мемлекет және құқық теориясы:оқулық	Қарағанды, 2006.
37.	Булгакова Д.А. Мемлекет және құқық теориясы: оқулық	Алматы: 2007.
38.	Дархамбаева А. Д. Мемлекет және құқық теориясы: оқу құралы: негізгі терминдер мен ұғымдарды қысқаша түсіндіру/ А. Д. Дархамбаева.	Алматы: Айдана, 2003.
39.	Жоламан Қ.Д, Мұқтарова А.К., Тәуекелев А.Н. Мемлекет және құқық теориясы	Алматы: Фолиант, 2001.
40.	Жоламан Қ.Д. Мемлекет және құқық теориясы	Алматы: 2007.
41.	Ибраева А.С., Ибраев Н.С. Мемлекет және құқық теориясы. Оқулық	Астана: Фолиант, 2007.
42.	Мемлекет және құқық теориясы: оқулық / Қ. Д. Жоламан	Алматы, 2005.
43.	Өзбекұлы С., Қопабаев Ө. Мемлекет және құқық теориясы: оқулық.	Алматы, Жеті жарғы, 2006
44.	Өзбекұлы С. Мемлекет және құқық теориясы: оқулық	Алматы: 2009.
45.	Сапарғалиев Ғ., Ибраева А.С. Мемлекет және құқық теориясы Оқулық.	Астана: Фолиант, 2007.
46.	Сапарғалиев Ғ., Ибраева А.С. Мемлекет және құқық теориясы: оқулық. 2-басылым.	Алматы: Заң әдебиеті, 2011.
47.	Салкебаев Т.С., Тусупбеков С.С. Мемлекет және құқық теориясы: дәрістер курсы.	Қарағанды 2011ж.
48.	Тусупбеков С.С. Мемлекет және құқық теориясы: дәрістер курсы.	Қарағанды 2017.
49.	Шапахқызы У., Салкебаев Т. Мемлекет және құқық теориясы	Астана, 2009.
50.	Ағдарбеков Т. Мемлекет және құқық теориясы: оқулық.	Алматы, 2008.
51.	Ағдарбеков Т. Мемлекет және құқық теориясының негізгі мәселелері: оқу құралы	Алматы: Заң әдебиеті, 2009.
52.	Байжанова Г.Т., Әділбекова Қ.Қ. Мемлекет және құқық теориясы пәні бойынша мемлекет бөліміне арналған дәрістер жинағы	Қарағанды, 2003.
53.	Байжанова Г.Т. Құқық теориясы	Қарағанды, 2004.
54.	Байжанова Г.Т. Мемлекет және құқық теориясы	Қарағанды: 2006.
55.	Бейсенова А.У. Мемлекет және құқық теориясы	Алматы: 2007.
56.	Биекенов Н.А. Мемлекет және құқық теориясы:оқулық	Қарағанды, 2006.
57.	Булгакова Д.А. Мемлекет және құқық теориясы: оқулық	Алматы: 2007.
58.	Дархамбаева А. Д. Мемлекет және құқық теориясы: оқу құралы: негізгі терминдер мен ұғымдарды қысқаша түсіндіру/ А. Д. Дархамбаева.	Алматы: Айдана, 2003.

3. Қосымша әдебиеттер:		
59.	Абельдинов А.К. Қазақстанда нормашығармашылықтың дамуы	Алматы: Жеті Жарғы, 1998.
60.	Алауов Е. Қылмысқа тосқауыл	Алматы, 1997.
61.	Алексеев А.С. К учению о юридической природе государства и государственной власти	Москва, 1995.
62.	Алимжан К. Әдет-ғұрыптық құқық теориясы мәселелері	Алматы, 2003.
63.	Атаманчук Г.В. Новое государство: поиски, иллюзии, возможности	М., 1996.
64.	Ашитов З.О., Ашитов Б.З. Тәуелсіз Қазақстанның құқығы	Алматы: Жеті Жарғы, 1997.
65.	Ахметова Н.С. ХҮІІІ-ХІХ ғас. қазақтардың әдет-ғұрып заңдары	Қарағанды, 1997.
66.	Баймаханов М.Т. Становление правового государства и конституционный процесс в Республике Казахстан.	Алматы: КазГЮА, 2001.
67.	Баймаханов М.Т. Избранные труды по теории государства и права	Алматы: Адилет, 2004.
68.	Берман Г. Западная традиция права: эпоха формирования	М., 1994.
69.	Богдановская И. Ю. Прецедентное право	Москва, 1993.
70.	Венгеров А.Б. Теория государства и права. - 8-е изд.	Москва: Омега - Л, 2011.
71.	Власенко Н.А. Язык права.	Иркутск, 1997.
72.	Гаврилов О.А. Стратегия правотворчества и социального прогнозирования	Москва, 1993.
73.	Габитов Г.Х. Философия права: учебное пособие для юрид. вузов/ Г. Х. Габитов.	Алматы: NURPRESS, 2010.
74.	Давид Р. Основные правовые системы современности	Москва: Прогресс, 2008
75.	Денисов Ю.А. Общая теория правонарушения и ответственности (социологич. и юридический аспекты).	Л., 1985.
76.	Журсимбаев С. Права человека в международно-правовых актах и Конституции Казахстана	Астана, 2008.
77.	Завадская Л. Н. Механизм реализации права.	М., 1992.
78.	Зивс С. Л. Источники права	М., 1981.
79.	Зиманов С.З. Древний мир права казахов	Алм-ы: 2001
80.	Ибраева А.С. Правовая культура Казахстана: проблемы формирования, факторы развития	Алматы, 2004.
81.	Искакова Г.Қ. Қазақстан Республикасындағы адам құқығы: оқу құралы	Алматы, 2008.
82.	Историческое и логическое в познании государства и права	Л., 1988.
83.	Кашанина Т.В. Происхождение государства и права: современные трактовки и новые подходы.	Москва, 2011.
84.	Кенжалиев З.Ж. Көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық мәдениет: теориялық мәселелері, тарихи тағылымы	Алматы: Жеті жарғы, 1997.
85.	Керимов Д.А. Культура и техника законотворчества	Москва, 1991.
86.	Керимов Д.А. Методология права: Предмет, функции, проблемы философии права.	Москва, 2000
87.	Комаров С.А., Малько А.В. Теория государства и права	Москва, 2011
88.	Лейст О. Э. Сущность права. Проблемы теории и	Москва, 2002.

	философии права	
89.	Малиново И.П. Философия правотворчества.	Екатеринбург, 1996.
90.	Малько А. В. Стимулы и ограничения в праве. Теоретико-информационный аспект.	Саратов, 1994.
91.	Марченко М.Н. Теория государства и права. 2-е изд. доп.	Москва, 2011.
92.	Марача В.Г., Матюхин А.А. Гражданское общество и государство в Казахстане: основные понятия и особенности становления	Алматы, 1999
93.	Матюхин А.А. Государство в сфере права.	Алматы, 2000
94.	Назарбаев Н.Ә. Ғасырлар тоғысында	Алматы, 2000.
95.	Нәрікбаев М.С. Ақиқаттың ақ жолы	Астана, 2000.
96.	Нормы права. Проблемы теории (ред. Байтина М.И.)	Саратов, 1987.
97.	Нурпеисов Е.К., Котов А.К. Қазақстан мемлекеті: хан билігінен президенттік республикаға дейін.	Алматы: Жеты жарғы, 2001.
98.	Общая теория государства и права. Академический курс в трех томах. / Т.1. Государство. Т.2. Право. Т.3 Государство, право, общество.	Москва, 2010.
99.	Өзбекұлы С. Абай және адам құқы: ғылыми басылым	Алматы: 1995
100.	Парламент және Қазақстанның заң шығару билігі. (жауапты ред. А.Таранов.)	Алматы: Жеты Жарғы, 1995.
101.	Радько Т.Н., Толстик В.А. Функции права.	Москва, 1995.
102.	Рахметов С.М., Бапанов Т.А. Қылмыс құрамы	А., 1998.
103.	Рыбаков В.А. Рецепция права: общетеоретические вопросы: монография.	Омск: Изд-во Ом. гос. ун-та, 2009.
104.	Сартаев С.С. Қазақстан Республикасы билікті бөлу және оларды жүзеге асыру принциптерінің қалыптасуы	Алматы: Жеті Жарғы, 2002.
105.	Семитко А. П. Развитие правовой культуры как правовой прогресс.	Екатеринбург, 1996.
106.	Современное государство: вопросы теории: монография / А.Д.Керимов.	Москва, 2011.
107.	Социальная структура общества и право: учебное пособие / А.М.Яковлев.	Москва, 2011.
108.	Социальная основания права: монография. / Г.В.Мальцев.	Москва, 2011.
109.	Табанов С.А. Құқықты жүйелендіру	Алматы, 1998.
110.	Табанов С.А. Құқық теориясы мен сот жүйесінің конституциялық негіздері	Алматы, 2001.
111.	Тихонравов Ю. В. Основы философии права.	М., 1997.
112.	Тихомиров Ю.А. Действие закона.	Москва: Известия, 1992.
113.	Теория государства и права: Учебник / Под редакцией Ф.М. Раянова.	Уфа, РИЦ БашГУ, 2012.
114.	Формальные источники права: монография / С.А. Дробышевский, Т.Н. Данцева.	Москва, 2011
115.	Хабибуллин А.Г. Научные основы типологии государства: вопросы теории и практики	Москва, 1997.
116.	Человек, право, цивилизация: ценностно-нормативное измерение: монография / Е.А.Лукашева	Москва, 2011.
117.	Черданцев А. Ф. Логико-языковые феномены в праве, юридической науке и практике	Екатеринбург, 1993.
118.	Энгельс Ф. Семьяның, жеке меншіктің және	Алматы, 1982

	мемлекеттің пайда болуы.	
119.	Юридическая техника: учебник./ Т.В.Кашанина. 2-е изд	Москва, 2011.
120.	Юридическая техника в сфере частного права / корпоративное и договорное нормотворчество: учебное пособие. Т.В.Кашанина.	Москва, 2009.
4. Мерзімді басылымдар:		
121.	Алауханов Е. Қылмыс құрамы	// Заң. - 2007. - №2.
122.	Абдрахимова Л. Д. Нормативно-правовой акт в системе действующего права // Материалы Республиканской научно-практ. конф. «Правовая система РК: проблемы и перспективы»	Қарағанда. - 2009. - С. 209-214.
123.	Ахметова Н.С. Кордас И.А. Формы систематизации законодательства // Вестник КарГУ. - Серия право	Қарағанда. -2011. - №2 (62). - С.27-33.
124.	Ахметова Н.С. Галы Ж.О., Абдраимова Д.С.Мұсылмандық-құқықтық мәдениеттің Қазақстандағы болашағы // Развитие правовой и политической системы в суверенном Казахстане. Сборник научных трудов.	Қарағанда: ЖШС «Гласир», 2011.- С.21-25.
125.	Байжанова Г.Т., Шапахқызы У. Құқықтүсінушіліктің негізгі типтері // Қазақстан Республикасы мемлекеттік-құқықтық жүйені дамытудың болашақ көріністері	Қарағанды, 2004. . – Б.166-171.
126.	Байжанова К.Т., Турдыгулова Г.Д. Құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғам қалыптастырудың кейбір мәселелері //Қазіргі Қазақстандағы құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам институттарының дамуы: Ғылыми еңбектер жинағы	Қарағанды: ЖШС «ГЛАСИР», 2010. - Б.92-97.
127.	Байжанова Г.Т. Алтаева М.У.Мемлекеттің пайда болуының шығыстық жолы // Егеменді Қазақстанда құқықтық және саяси жүйенің дамуы: Ғылыми еңбектер жинағы.	Қарағанды: ҚарМУ, 2011. - Б.72-78.
128.	Бирманова А.И.Қазақстан Республикасындағы алқа билер сотын құрудың құқықтық және әлеуметтік мәселелері. // Қарағанды университетінің хабаршысы.	Қарағанды -Құқық сериясы, 2011. -№2(62).- Б.48-54.
129.	Грибанов Д. В. Теоретико-правовое осмысление инновационного развития общества / Д. В. Грибанов	Государство и право 2011. - №5. - С. 104-107.
130.	Дауленов М. Президент Республики Казахстан как субъект права законодательной инициативы в свете доктрины и практики зарубежных стран / М. Дауленов /	Заңгер. -2009. - №5. - С. 37-42.
131.	Джамалдинов С.А. Совершенствование механизма принятия и официального обнародования актов в рамках нормотворческой деятельности СНГ / С. А. Джамалдинов	Заңгер. - 2009. - №12. - С. 52-55.
132.	Джоусе-Иванина М. К вопросу о классификации нормативно-правовых актов / М. Джоусе-Иванина	Вестник МГУ: Серия 11. Право. 2010.№2. С.86-97
133.	Жанузакова Л. Т. Влияние норм международного права на национальное конституционное законодательство в области личных (гражданских) прав и свобод человека и гражданина: опыт Казахстана и других стран Центральной Азии / Л. Т. Жанузакова	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰҒА хабарлары=Известия НАН РК: Серия общественных наук. - 2009. - №4

134.	Жуков В. Н. Философское познание государства и права / В. Н. Жуков	Государство и право. - 2010. - №6. - С. 31-40.
135.	Ибраева А.С. Құқықтық мемлекеттегі адамның құқықтары мен бостандықтарының абсолюттігі	Тураби. - 2004. - №6. – Б.17-22.
136.	Какимова М.Ш. Рахманкулова Д.Д. Понятие правовой системы Развитие правовой и политической системы в суверенном Казахстане: Сборник научных трудов.	Караганда: ЖШС «ГЛАСИР», 2011.-С.14-21.
137.	Кемалов М. Конституциялық Кеңес: мәртебесі мен күзіреті	Заң. - 2009. - №6.
138.	Книпер, Р. Интерпретация, аналогия и развитие права: деликатное разграничение судебной и законодательной властей	Юрист. - 2009. - №7. - С. 27-31.
139.	Кожаметов Г.З. Шамиев Н.С. Развитие правовой и политической системы в суверенном Казахстане: Сборник научных трудов.	Караганда, 2011.
140.	Кошиков А.Б. Мемлекетті тектендіру.	Қарағанды. - 2000.
141.	Қалиев Н. Қазақстанның партиялық жүйесі: қазіргі ақуал және даму келешегі	Саясат. - 2002. - №11.
142.	Қыдырәлі Қ. Қазақстан оппозициясы: кеше және бүгін	Ақиқат. - 2000. - №3.
143.	Малько А. В. О роли сравнительного правоведения в современной правовой жизни / А. В. Малько, А. Ю. Саломатин	Правоведение. - 2009. - № 2. - С. 125-133
144.	Мақұлбеков Б. Жергілікті мемлекеттік басқарудың құқықтық негіздері	Ақиқат. - 2001. - №3.
145.	Мень И. В. О соотношении правового и социального механизмов в государстве / И. В. Мень	Государство и право. - 2010. - №12. - С. 78-81.
146.	Мемлекеттік қызмет туралы.	Алматы, 2003.
147.	Наймантаев С. Мемлекеттік басқарудың кейбір өзекті мәселелері	Заң. - 2000. - №5-6.
148.	Нұсқабаев О., Әлиев Д. Құқық социологиясы: мәні, құрылымы және қызметі	Заң. - 2009. - №8.
149.	Нукенов А.Н. Билікті бөліну теориясы: қазақстандық тәжірибе мәселелері	Саясат. - 2007. - №6.
150.	Орақбаев Б. Толағай тарихтың жүгін көтерген желтоқсан оқиғасы	Заң және заман. – 2011. - №08 (128) . – Б.48-52
151.	Пищулин А.В. Современный юридический позитивизм в англосаксонской правовой семье	Вестник Московского Университета 2010. №4.
152.	Ралько В.В. Трансформация правовых систем: основные научные подходы, перспективы процесса	Государство и право. - 2010. - №1. - С. 111-115
153.	Сапарғалиев Г. С. О предмете теории права / Г.С. Сапарғалиев, Е.З. Бекбаев	Известия НАН РК.: 2009. - №4. - С. 3-9
154.	Сапарғалиев Г. С. Концепция правовой политики на 2010-2020 годы и проблемы законотворчества в Республике Казахстан / Г. С. Сапарғалиев	Известия НАН РК: Серия общественных наук. 2009. - №6. - С. 3-8
155.	Сартаев С.С. Қазақстан Республикасы билікті бөлу және оларды жүзеге асыру принциптерінің қалыптасуы	Алматы: Жеті Жарғы, 2002.
156.	Сейтасқаров М.А. Қазақстанда саяси жүйенің жаңғыруы жағдайындағы саяси әлеуметтену ерекшеліктері. -	Алматы, 2000.
157.	Укин С. К вопросу о соотношении системы права и	Тураби. - 2008. - №1. - С.

	системы законодательства Республики Казахстан	53-55 б.
158.	Шаймердинов Е. Постфундаментальные догматы концепции правового государства / Е. Шаймердинов	Юрист. - 2008. - № 10. - С.74-84.
159.	Шамаева Н. «Медиация туралы» заң қолданыста	Заң және заман. – 2011. - №08 (128). – Б.68-71
160.	Шәкірова А.Б. Қазақстандағы азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекеттің өзара байланысы	ҚарМУ хабаршысы. - 2006. – №4. - Б. 113-118.
161.	Юсупов Р. Конституциямыз озық нормалар мен қағидалардан тұрады	Заң және заман. – 2011. - №08 (128). – Б.12-15
5. Электронды қайнар көздер:		
162.	Актуальные проблемы теории государства и права. 2-е издание. Электрон. учеб. Пособие	CD/pdf.2011.
163.	Булгакова Д. А. Қазақстан Республикасының мемлекет және құқық теориясы [Электронды ресурс] : әдістемелік құрал / Булгакова, Д.А. - Электронды мәтіндік ақпарат. (895Кб).	Алматы : Данекер, Б. г. - 60 с. - Б. ц.
164.	Мемлекет және құқық теориясы [Электронный ресурс]: оқулық / Қ. Д. Жоламан. - Электронды мәтіндік ақпарат.(29.1Мб).	Алматы : Нұр-Пресс, 2005.
165.	Марченко М. Н. Теория государства и права в вопросах и ответах : курс лекций: аудио-книга mp3 / М. Н. Марченко. - М. : КНОРУС, 2010. -	1 эл. опт. диск (CD-DA)
166.	«Мемлекет және құқық теориясы мәселелері» пәні бойынша электронды лекциялар жинағы. Байжанова Г.Т.	Қарағанды: ҚарМУ, 2010.
167.	«Мемлекет және құқық теориясы» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы" [Электронды ресурс] / Байжанова Г.Т. - Электронды мәтіндік ақпарат. (147Кб)	Қарағанды: ҚарМУ, 2010
168.	Основы государства и права [Электронный ресурс]: электронный учебник / под ред. А. В. Малько.	Электрон. дан.; 684 Мб. - М. : КНОРУС, 2010. - 1 эл. опт. диск (CD-ROM) :
169.	Теория государства и права [Электронный ресурс]: электронный учебник / под ред. А. В. Малько.	Электрон. дан. (695 Мб). - М. : КНОРУС, 2010. - 1 эл. опт. диск (CD-ROM)
170.	Турлаев А. В. Курс лекций по дисциплине "Теория государства и права"	Қарагандинский гос.ун-т. - Электрон. текстовые дан.(216Кб). - Караганда : [б. и.], 2010. –
171.	Мемлекет және құқық теориясы [Электронный ресурс]: оқулық / С.С. Түсіпбеков - Электронды мәтіндік ақпарат.(29.1Мб).	Қарағанды. 2017.

2.8. Тақырыптық жоспар

Қ/с №	Тақ №	Тақырыптар атауы	Дәріс тер	Сем. сабақ	КООЖ	КӨЖ
I-тарау. Мемлекет және құқық теориясына кіріспе						
1.	1.	Мемлекет және құқық теориясы пәні	1	1	1	3
II-тарау. Мемлекет пен құқықтың пайда болуы және даму кезеңдері. Мемлекет туралы ілімнің негіздері						
2.	2.	Мемлекеттің шығу тегі. Мемлекет ұғымы және оның белгілері	1	1	1	3
3.	3.	Мемлекет нысаны (құрылымы)	1	1	1	3
4.	4.	Мемлекет функциясы және механизмі (аппараты)	1	1	1	3
5.	5.	Құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам. Қоғамның саяси жүйесіндегі мемлекет.	1	1	1	3
III-тарау. Құқық туралы ілімнің негіздері						
6.	6.	Құқық түсінігі және мәні. Құқық нормасы	1	1	1	3
7.	7.	Құқық нысандары (қайнар көздері)	1	1	1	3
8.	8.	Нормативтік құқықтық актілерді жүйелендіру және құқық шығармашылығы	1	1	1	3
9.	9.	Құқық жүйесі және заңнама жүйесі	1	1	1	3
10.	10.	Қазіргі құқық жүйесінің негізі және тұрпаты	1	1	1	3
11.	11.	Құқықтық қатынастар	1	1	1	3
12.	12.	Құқықты жүзеге асыру	1	1	1	3
13.	13.	Құқық нормаларына түсінік беру	1	1	1	3
14.	14.	Құқықтық сана, құқықтық мәдениет және құқықтық нигилизм	1	1	1	3
15.	15.	Құқықтық мінез-құлық және құқық бұзушылық. Заңды жауаптылық.	1	1	1	3
		БАРЛЫҒЫ:	15	15	15	45

2.9. Сабақ жоспары

I-тарау.

Мемлекет және құқық теориясына кіріспе

1-тақырып. Мемлекет және құқық теориясы пәні

Дәріс – 1 сағат

Жоспар:

1. Мемлекет және құқық теориясы пәнінің ұғымы, ерекшеліктері, функциялары мен әдістері.
2. Мемлекет және құқық теориясының қоғамдық және заң ғылымдары жүйесіндегі орны.

Дәріс тезисі:

1. Мемлекет және құқық теориясы пәнінің ұғымы, ерекшеліктері, функциялары мен әдістері. Кез келген ғылымның өз пәні, өзі зерттейтін заңдылықтарының анықталған шеңбері болады. Заңдылықтар дегеніміз – белгілі бір құбылыстардың маңызын білдіретін шынайы тұрақты қатынастар. Мемлекет пен құқық теориясының пәнін мемлекеттік-құқықтық құбылыстардың өмір сүруі мен дамуының жалпы заңдылықтары құрайды. Атап айтатын болсақ, олардың қатарына: мемлекет пен құқықтың пайда болуы; олардың тарихи типтерінің ауысуы; мемлекет пен құқық мәнінің дамуы; мемлекет пен құқық нысандарының эволюциясы; мемлекет органдары жүйесі мен құқық жүйесінің құрылуы; мемлекет пен құқық қызметін жүзеге асыру; жеке тұлға құқығы және оны қорғау; демократия, заңдылық және құқықтық тәртіп қағидаларын нығайту; азаматтардың, лауазымды тұлғалардың, қоғамның құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетін дамыту және т.б. жатады.

Мемлекет және құқық теориясы өз міндеті ретінде мемлекет пен құқықтың қызмет етуінің барлық емес, тек аса маңызды жалпы заңдылықтарын зерттеуді алады. Басқа заң ғылымдарынан айырмашылығы мемлекет пен құқық теориясы бір елдің мемлекеттік-құқықтық құбылыстарын емес, мемлекет пен құқықтың жалпы даму заңдылықтарын зерттейді.

Мемлекет және құқық теориясы – қоғамның жалпы заңдылықтарын, құқықтық өмірді ұйымдастырудың принциптерін және теориясын анықтайтын, болжайтын белгілі бір жүйедегі қоғамтану ғылымы.

Философия мемлекеттік-құқықтық қондырманың қоғам дамуындағы орнын анықтауды мақсат тұтады. Ол қоғамдық ғылымдарға, сонымен бірге барлық заңдық ғылымдарға теоретикалық негіз және әдістемелік бағдарлаушы қызмет көрсетеді. Құқықтық өмірді философиялық тұрғыда мазмұндау заң ғылымының шығармашылық жолмен дамуының, қолданыстағы заңнаманы әрі қарай жетілдірудің, заңдылықты нығайтудың алғы шарты болып табылады.

Саясаттану - саясат деп аталатын әлемнің сан алуан жақтарын зерттеумен айналысатын ғылым. Саясат мемлекет пен құқық өмірімен тығыз байланысты. Мемлекет пен құқық теориясы саяси белгілерді пайдалана отырып мемлекеттік-құқықтық құбылыстарды олардың ішкі құрылымы, нысаны, мәні және мазмұны тұрғысынан ғана емес, сондай-ақ олардың саяси сипаттағы басқа институттар мен мекемелер жүйесінде алатын орны мен ролі тұрғысынан қарастырады.

Мемлекет пен құқық теориясының әлеуметтанумен тұрақты байланысы саяси-практикалық мәнге ие болады. Әлеуметтану - қоғамды біртұтас жүйе ретінде қарастыратын және оның жеке құрамдас бөліктері мен институттарын, әртүрлі әлеуметтік топтарды зерттеумен айналысатын гуманитарлық ғылымдардың бірі. Мемлекет пен құқық теориясы мен әлеуметтану қондырмалық құбылыстарға қоғам мүшелерінің көзқарастарын, қарым-қатынастарын анықтауға байланысты әрекеттеседі.

Тарих - адамзат қоғамының өткен дәуірлерін барлық қырынан жан-жақты зерттеп, көптеген тәжірибелер жинақтайды. Мемлекет пен құқықтың пайда болуы, дамуы және қоғамды басқару заңдылықтары, сондай-ақ мемлекет пен құқықтың негізгі тұжырымдары тарихи материалдар негізінде жасалады.

Мемлекет пен құқық теориясы экономикалық ғылымдармен тығыз байланыста болады. Экономикалық теория - қоғамның экономикалық базисін, өндірістік қатынастарды, өндіруші күштерді, меншік түрлерін зерттеп, олардың қоғам дамуындағы маңызын жан-жақты анықтап отырады. Экономикалық теорияда базис экономикалық қатынастар ретінде қарастырылса, мемлекет пен құқық теориясында базиске сәйкес туындайтын мемлекеттік заңдар жүйесі қарастырылады.

Адамдардың құқық туралы немесе құқыққа сай және құқыққа қарсы әрекет механизмі туралы көзқарастарын зерттеуде психологияның көмегі қажет. Сонымен, мемлекет және құқық теориясының басқа қоғамдық ғылымдармен байланысы екі түрлі сипатқа ие болады. Бір жағынан, мемлекет пен құқық теориясы қоғамдық ғылымдардың жетістіктерін пайдаланса, екінші жағынан, қоғамдық ғылымдар мемлекет пен құқық теориясының тұжырымдарына сүйенеді. Бұндай қорытынды ғылыми білімнің бірлігі мен өзара байланысы қағидасынан шығады. Мемлекет пен құқық тәріздес объектілердің күрделілігі олардың көптеген заңдық ғылымдармен зерттелу қажеттілігіне әкеледі. Заңдық ғылымдар мемлекеттік-құқықтық шындықтың белгілі бір жағын, белгілі бір деңгейде арнайы зерттеумен шұғылданады.

Барлық заңдық ғылымдарды пәндерінің ерекшеліктеріне байланысты бірнеше топқа жіктеуге болады:

- іргелі тарихи-теоретикалық заңдық ғылымдар;
- салалық заңдық ғылымдар;
- қолданбалы заңдық ғылымдар.

Тарихи-теоретикалық заңдық ғылымдар мемлекеттік-құқықтық құбылыстардың аса маңызды жалпы сұрақтарын, мемлекеттік-құқықтық мекемелердің, саяси және құқықтық ілімдердің даму барысын қарастырады. Олардың қатарына мемлекет және құқық теориясы, мемлекет пен құқықтың жалпы тарихы, саяси- құқықтық ілімдер тарихы, отандық мемлекет пен құқық тарихы жатады.

Салалық заңдық ғылымдар (конституциялық, қылмыстық, азаматтық, әкімшілік, еңбек және т.б.) нақты заңдық мекемелер мен нұсқауларды және тиісінше заңдық практиканы зерттейді.

Қолданбалы заңдық ғылымдар (криминалистика, сот медицинасы, сот психиатриясы және т.б.) табиғат тану және техникалық ғылымдардың жетістіктерін заңдық мәселелерді шешу үшін қолданылады.

Заңдық ғылымдар жүйесінде мемлекет және құқық теориясының алатын орны ерекше. Мемлекет және құқық теориясы мен тарихи-заңдық ғылымдардың ұқсастығы олардың мемлекет пен құқықты тұтас қарайтындығына байланысты, айырмашылығы тарихи-заңдық ғылымдар зерттеу барысында мемлекеттік-құқықтық нысандарды даму үрдісінде хронологиялық тәртіппен, тарихи әдістерді қолдана отырып зерттесе, теория осы құбылыстарды тұжырымдап, олардың дамуының жалпы заңдылықтарын анықтауға тырысады, логикалық әдісті қолданады.

Салалық және қолданбалы заңдық ғылымдарға қатысты мемлекет және құқық теориясы тұжырымдаушы роль атқарады. Ол мемлекет пен құқықтың дамуы мен қызмет етуінің барынша жалпы заңдылықтарын зерттеп қорытындылайды, барлық салалық заң ғылымдарына ортақ мәселелерді қарастырады, әдістемелік, бағыттаушы роль атқарады. Сонымен қатар, өзі де салалық заң ғылымдарының жетістіктерінен нәр алады, яғни ондағы фактілі материалдарды өңдеп, қажетіне жаратады.

Әрбір ғылымның зерттеу пәнімен қатар зерттеу әдістері де болады. Ғылым әдісі дегеніміз – білім алу үшін ғылымда қолданылатын амал-тәсілдер, ережелер және қағидалар жиынтығы. Әдістер жиынтығы ғылымның әдістемесін құрайды.

Мемлекет және құқық теориясының зерттеу әдістері:

- жалпы әдістер
- жалпы ғылымдық әдістер
- жеке ғылымдық әдістер болып жіктелінеді.

Жалпы зерттеу әдістері – ойлаудың барынша әмбебап қағидаларын көрсететін философиялық, дүниетанымдық көзқарастар. Ол ғылымның барлық салаларында қолданылатын, барлығына ортақ қағидалар. Жалпы әдістер екі топқа жіктеледі: метафизика және диалектика. Метафизика мемлекет пен құқықты мәңгі және тұрақты құбылыстар ретінде қарайды, олар бір-бірімен және өзге қоғамдық құбылыстармен терең байланыста болмайды деп есептейді.

Диалектика – табиғат, қоғам және адам ойы дамуының жалпы заңдылықтары туралы ғылым. Диалектика материалистік және идеалистік (объективті және субъективті) болып бөлінеді. Материалистік диалектика негізінде мемлекет пен құқық – қоғам өмірінің экономикалық, саяси, әлеуметтік жағдайларымен, адам табиғатымен тығыз байланыста өмір сүретін, тұрақты дамуда болатын шынайы, объективті құбылыстар.

Жалпы ғылымдық әдістер - ғылыми танымның барлық көлемін қамти алмайтын, оның нақты бір кезеңдерінде қолданылатын әдіс-тәсілдер. Жалпы ғылымдық әдістерге талдау, синтез, жүйелік және функционалдық әдістер, әлеуметтік эксперимент жатады.

Талдау – теориялық және тәжірибелік зерттеу процесінде күрделі объектілерді талдау, құрамды бөліктерден жіктеп ажырату болса, синтез – сол

талданған бөліктерді жинақтап қосу арқылы белгілі бір объектіні, затты құрастыру болып табылады. Синтез құбылыстың жеке бөліктерін шартты біріктіру арқылы зерттеуді білдіреді. Талдау мен синтез бірлікте қолданылады.

Жүйелік көзқарас объектінің тұтастығын, ондағы жан-жақты қатынастардың өзара байланысын ашуға бағытталады. Жүйелік тәсіл мемлекеттік-құқықтық құбылыстарды жүйеге, салаға топтастырып зерттейді. Ол мемлекеттік аппаратты, құқықтық жүйені, құқық нормасын және т.б. жүйелік құрылымдар ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Функционалдық тәсіл әлеуметтік құбылыстардың өзгелеріне әсер ету нысандарын анықтауға бағытталады. Ол қоғамдағы заңдық құбылыстарды әлеуметтік бағытына, маңызына, қызметіне қарай жіктеп, зерттеу жүргізуді білдіреді. Оның көмегімен мемлекет және оның органдарының функциясын, құқық функциясын және т.б. анықтауға болады.

Әлеуметтік эксперимент құқықтық реттеу барысында қабылданған қандай да болмасын шешім жобасын келтірілуі мүмкін зиянның алдын алу мақсатында тексеруді білдіреді.

Жеке ғылыми зерттеу әдістері – нақты техникалық, табиғаттану және қоғамдық ғылымдардың ғылыми жетістіктерін игеру салдары ретінде көрінетін ережелер, тәсілдер, әдістер. Олар зерттеу процессінің деңгейі мен бағытына байланысты көптүрлі болады: нақты-әлеуметтік, статистикалық, кибернетикалық, математикалық, формальды-заңдық, салыстырмалы-құқықтық және т.б.

Нақты-әлеуметтік тәсілдер негізінен ғылыми ақпарат жинау кезінде қолданылады. Оларға жататындар: бағдарлау – мемлекет пен құқық теориясында бағдарлау объектілеріне заңдық практика мен мемлекеттік мекемелер жатады. Сұрау, анкета жүргізу, сұхбаттасу, сараптама және т.б. әдістер арқылы субъектілердің мемлекеттік-құқықтық аймақтағы нақты әрекеті туралы мәлімет жинауға болады.

Статистикалық әдіс – заңды құбылыстардың санды деректеріне, фактілеріне сүйене отырып зерттеу жүргізуді білдіреді. Онда көп қайталанатын мемлекеттік-құқықтық құбылыстардың сандық көрсеткіші анықталынады. Кибернетикалық әдіс – кибернетика түсініктерін, заңдарын және техникалық құралдарын қолдана отырып мемлекеттік-құқықтық құбылыстарды тануға мүмкіндік береді.

Жеке ғылымдық әдістердің арасында формальды-заңдық әдіс пен салыстырмалы-құқықтық әдіс таза заңдық әдістер болып табылады. Формальды-заңдық әдіс заңдық түсініктерді, олардың белгілерін, түрлерін анықтауға мүмкіндік береді, құқықтық нұсқауларды түсіндіреді.

Салыстырмалы-құқықтық әдіс әртүрлі құқықтық жүйелерді немесе олардың құрамдас бөлшектерін, олардың жалпы және ерекше қасиеттерін анықтау мақсатында салыстыра зерттеу жүргізуді білдіреді.

2. Мемлекет және құқық теориясының қоғамдық және заң ғылымдары жүйесіндегі орны. Мемлекет және құқық теориясы мемлекеттік-құқықтық шындық туралы жалпылама білім беретін біртұтас ғылым. Ол екі

үлкен бөлімге бөлініп қарастырылады: мемлекет теориясы және құқық теориясы. Мемлекет теориясында мемлекет түсінігі мен белгілері, мемлекеттіліктің пайда болуы және тарихи дамуының жалпы мәселелері, мемлекет мәні, мемлекет типтері мен нысаны, мемлекеттің және мемлекеттік аппараттың функциясы, қоғамның саяси жүйесіндегі мемлекеттің алатын орны, құқықтық мемлекет мәселелері қарастырылады. Ал, құқық теориясында құқық түсінігі, құқықтың пайда болуы және тарихи дамуы, құқық нормалары және жүйесі, құқық нысаны, Құқық шығармашылық, құқықтық қатынас, құқықты жүзеге асыру нысандары, құқықтық сана және құқықтық мәдениет, Құқық бұзушылық пен заңдық жауапкершілік, заңдылық және тағы да басқа көкейтесті мәселелер қарастырылады.

Мемлекет және құқық теориясы функциясы ғылымның алдына қойған міндеттерін шешуге қажетті әрекетінің негізгі бағыттарын білдіреді. Ғылым функциясы оның қоғам өмірін прогрессивті дамытуға тигізетін теориялық және практикалық маңыздылығын сипаттайды. Мемлекет және құқық теориясының онтологиялық, танымдық, эвристикалық, болжамдық, әдістемелік, идеологиялық және ұйымдастырушылық-қолданбалы функциялары ажыратылады. Онтологиялық функция көмегімен мемлекет және құқық теориясы мемлекеттік-құқықтық құбылыстардың мәнін анықтайды. Мемлекет пен құқық деген не, қалай және не себепті пайда болады, өмір сүреді деген сұрақтарға жауап береді.

Мемлекет және құқық теориясының танымдық функциясы ғылыми концепциялар, доктриналар, құқықтық түсініктер мен категорияларды қалыптастыру және мемлекет пен құқықты ғылыми тануды мүмкін ететін әдіс-тәсілдер жасаудан құралады. Эвристикалық функция көмегімен мемлекет және құқық теориясы мемлекеттік-құқықтық институттар дамуындағы жаңа заңдылықтарды ашады. Аталмыш функция қазіргі кезеңде жаңа нарықтық реформалар дәуірінде аса маңызды қызмет түрі болып табылады.

Мемлекет және құқық теориясының болжамдық функциясы мемлекеттік-құқықтық шындықтың қандай да болмасын өзгерісін болжаудан, мемлекеттік-құқықтық өмірдің даму бағыттарын анықтаудан, олардың болашағы туралы ой түйуден көрінеді. Мемлекет және құқық теориясы іргелі ғылым болғандықтан, өзге заң ғылымдарында қолданылатын түсініктер мен категориялар жүйесін қалыптастыру арқылы әдістемелік қызмет атқарады.

Мемлекет және құқық теориясы мемлекет пен құқық туралы идеяларды жүйеге келтіре отырып, әртүрлі құқық субъектілерінің құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетін қалыптастыруға, әлеуметтік өмірге ықпал етуге мүмкіндік алады. Бұл оның идеология саласында атқаратын қызметін бағамдайды. Ұйымдастырушылық-қолданбалы функция мемлекеттік-құқықтық өмірді өзгерту, реформалау барысында, мемлекеттік-құқықтық құрылымның маңызды мәселелерін шешуге байланысты ұсыныстар дайындаудан, мемлекеттік басқару мен құқықтық реттеудің ғылымилығын қамтамасыз етуден көрінеді.

Жоспар:

1. Мемлекет және құқық теориясы пәнінің ұғымы, ерекшеліктері, функциялары мен әдістері.
2. Мемлекет және құқық теориясының қоғамдық және заң ғылымдары жүйесіндегі орны.

Әдістемелік ұсыныс:

Бірінші сұрақ бойынша курсанттарға мемлекет және құқық теориясының анықтамасы, ерекшеліктері және функцияларын схема тақта арқылы түсіндіріп, конспектілеуге назар салу қажет.

Екінші сұрақ бойынша қоғамдық және заң ғылымдары жүйесіндегі мемлекет және құқық теориясының орны мен рөлін тереңдей ашып, салыстырмалы түрде көрсету керек.

Семинар сабағына дайындалу барысында авторлардың өзіндік көзқарастарымен ерекшеленетін бірнеше еңбекті қатар қолданған жөн. Әр түрлі авторлардың көзқарастарын талдау негізінде мемлекеттің шығу тегін және оны әртүрлі тұрғыда сипаттайтын теорияларды өз бетінше анықтау қажет.

Әдебиеттер: 30-58. 153-162.

КОӨЖ – 1 сағат

Тапсырма:

1. Оқу пәні ретінде мемлекет және құқық теориясын мақсатын ұғыну және түсіндіру.
2. Оқулықтармен жұмыс жасау және танысу.

КӨЖ – 3 сағат

Тапсырма:

1. Терминологиялық сөздік жазу керек: мемлекет және құқық теориясы пәні; ғылымның пәні, әдістері және мемлекет құқық теориясының әдістері.

2. Мемлекет және құқық теориясы әдістерін топтастыру және мемлекет құқық теориясы мен шет мемлекеттер құқығының тарихы арасындағы айырмашылықтар және олардың өзара байланысын анықтап жазу керек.

Әдістемелік нұсқаулық:

Кредиттік технологияға сай оқу процессіндегі негізгі салмақ тәлімгерлерге жүктеледі. Дегенмен де, пәннің 1 курста қарастырылатынын ескере отырып, оларға оқытушылар тарапынан кеңес беру жеткілікті жолға қойылуға тиісті. Курсанттар берілген әдебиеттермен танысқаннан кейін, тақырып көлемінде түсініксіз мәселелер бойынша сұрақтар қойып, бірлесе талдауға қатысуы қажет. Бұл нұсқау КОӨЖ барлық көлеміне қатысты. МҚТ әдістерін қарастыру қажеттілігі оларды құқықтық білім алу барысында қолдана білу машығын қалыптастырумен түсіндіріледі.

II-тарау.

Мемлекет пен құқықтың пайда болуы және даму кезеңдері.

Мемлекет туралы ілімнің негіздері

2-тақырып. Мемлекеттің шығу тегі. Мемлекет ұғымы және оның белгілері

Дәріс – 1 сағат

Жоспар:

1. Мемлекеттің пайда болуының негізгі теориялар сипаттамасы.
2. Мемлекет ұғымы, негізгі белгілері және оның мәні.
3. Мемлекет типологиясына негізгі ойлар.

Дәріс тезісі:

1. Мемлекеттің пайда болуының негізгі теориялар сипаттамасы.

Адам қоғамы мыңдаған жылдар өмір сүріп келеді. Жеке адамдар тиісті мемлекеттің азаматы болып, сол мемлекеттің билігіне, құқықтық тәртібіне бағынып, өзінің іс-әрекетін, мінезін, тәртібін қоғамдық мүдде-мақсатты орындауға жұмсап келеді. Көне заманнан адамдар мемлекет пен құқық қашан пайда болды, қалай дамып келеді? — деген мәселелермен шұғылданып, ғылыми зерттеу жасап келді. Мемлекеттің пайда болуы туралы мәселе даулы болып табылады, себебі, этнография және тарих ғылымдары оның пайда болуы туралы күннен-күнге жаңа мәліметтер беруде. Мемлекет пен құқықтың пайда болуының көптеген теориялары бар ғылыми көзқарастардың мұндай плюрализмі қоғам дамуының тарихи ерекшеліктерімен түсіндіріледі, көбірек танымалдарына келесілер жатады.

Мемлекеттің шығуының негізгі теориялары: материалистік теория, табиғи-құқықтық теория, органикалық теория, күш көрсету теориясы, психологиялық теория, діни, технократиялық, патриархалды, келісімдік және өзгелер. Мемлекеттің шығу нысандары: шығыстық, афиндік, римдік, германдық және өзгелер. Әр түрлі халықтарда мемлекеттіліктің дамуының әртүрлілігі.

2. Мемлекет ұғымы, негізгі белгілері және оның мәні.

Мемлекет — басқару-қамтамасыз ету, қорғау қызметін жүзеге асыру мақсатындағы арнайы аппараты бар, өз әмірін елдің барлық халқы үшін міндетті ете алатын жария биліктің саяси-аумақтық егеменді ұйымы. Мемлекет белгілі бір аумақтың шегінде нақты бір мүдделердің (таптық, жалпы адамзаттық діни, ұлттық және т.б.) жүзеге асырылуына септігін тигізетін саяси биліктің ұйымы. Мемлекетті алғашқы қауымдық қоғамдағы әлеуметтік өкіметтен ажырататын мынадай негізгі белгілері:

1. Қоғамнан ажыратылған ерекше көпшілік (жария) биліктің болуы. Мемлекеттік биліктің ерекше белгісі - оның жалпылық және әмбебаптық сипатында.
2. Тұрғындардың аумақтық ұйымдастырылуы
3. Тұрғындардан салықтарды жинау
4. Мемлекетте арнаулы мәжбүр ету аппараты болады
5. Жалпыға міндетті нормативтік актілердің болуы